

**Қостанай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының өтініші бойынша, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексінің) 53-бабы 1-тармағының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 мамырдағы N 569 қаулысымен бекітілген, Салық төлеушінің билік етуі шектелген мүлкін салық берешегі есебіне сату жөнінде мамандандырылған аукцион өткізу ережесінің 13-тармағының конституциялылығын тексеру туралы**

Қазақстан Республикасы Кеңесінің 2004 жылғы 15 сәуірдегі N 2 қаулысы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, Төраға Ю.А.Хитрин, Кеңес мүшелері Қ.Ә.Әбішев, Қ.Ж.Балтабаев, С.Ф.Бычкова, А.Есенжанов, А.К.Котов және Қ.Ә.Омарханов қатысқан құрамда, мыналардың:

Республика Жоғарғы Сотының судьясы Ю.А.Пономаренко,  
Республика Бас Прокурорының орынбасары А.Қ.Дауылбаевтың,  
Республика Әділет вице-министрі Ж.Қ.Асановтың,  
Республика Қаржы министрлігінің Салық комитеті төрағасының орынбасары  
Ә.Б.Базарбаеваның қатысуымен,

өзінің ашық отырысында, Қостанай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексінің) 53-бабының 1-тармағын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 мамырдағы N 569 қаулысымен бекітілген, Салық төлеушінің билік етуі шектелген мүлкін салық берешегі есебіне сату жөнінде мамандандырылған аукцион өткізу ережесінің 13-тармағын конституциялық емес деп тану жөніндегі ұсынысын қарады.

Қолдағы бар материалдарды, соның ішінде сарапшы - Қазақ гуманитарлық-заң университетінің азаматтық құқық және процесс кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымының кандидаты М.Қ.Өмірқұловтың қорытындысын зерделеп, баяндамашы - Конституциялық Кеңестің мүшесі А.Есенжановтың хабарлауын және отырысқа қатысушылардың сөздерін тыңдап, **Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны**

**анықтады:**

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі Қостанай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының (бұдан әрі - сот), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 мамырдағы N 569 қаулысымен бекітілген, Салық төлеушінің билік етуі шектелген мүлкін салық берешегі есебіне сату жөнінде мамандандырылған аукцион өткізу ережесінің (бұдан әрі - Ереже) 13-тармағын

конституциялық емес деп тану жөніндегі ұсынысын конституциялық іс жүргізуге қ а б ы л д а д ы .

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 21-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, өтініш субъектісі өтініштің көлемін ұлғайту - сондай-ақ "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексінің) 53-бабы 1-тармағының конституциялылығын да тексеру туралы өтінішін мәлімдеген.

Азамат А.Тілеуімбетовтің сатып алу-сату шартын орындауға мәжбүрлеу және құжаттарды талап етіп алдыру туралы "Қостанай қозғалтқыштар жөндеу зауыты" ЖШС-ке (бұдан әрі - "ҚҚЖЗ" ЖШС) қойған талап-арызы, сондай-ақ сатып алу-сату шартын жарамсыз мәміле деп тану туралы "ҚҚЖЗ" ЖШС-тің қарсы талап-арызы бойынша соттың іс жүргізуінде жатқан азаматтық іс Конституциялық Кеңеске жүгінуге с е б е п б о л ғ а н .

Сот ұсынысынан келіп шығатыны, "ҚҚЖЗ" ЖШС-тің салық берешегі болғандықтан , Салық кодексіне сай мүлкіне билік етуі шектеліп, содан соң мүлкі ашық мамандандырылған аукционда сатуға қойылған, азамат А.Тілеуімбетов оның жеңімпазы деп танылған. "ҚҚЖЗ" ЖШС-тің аукцион нәтижесі бойынша сатып алу-сату шартын жасасудан бас тартуына байланысты, оған Ережеге сәйкес әрекет еткен салық қызметінің органы қол қойған. Бұл аталған Ереженің 13-тармағына сай, егер аукционның өткізілетін күні, уақыты және орны туралы хабардар етілген сатушы немесе оның заңды не уәкілетті өкілі аукционға келмесе, онда аукцион оның қатысуынсыз өткізіледі, ал сатып алу-сату шартын оның атынан салық қызметінің органы жасайды. Мемлекеттік органның бұл өкілеттігі Салық кодексінің 53-бабының 1-тармағынан келіп туындайды, оған сәйкес салық органдары салық төлеушінің келісімінсіз оның мүлкінен өндіріп алуды жүргізуге құқылы.

Соттың пікірінше, сатушының еркінен тыс сатып алу-сату шартын жасауға және соттан тыс тәртіппен мүліктен айыруға салық қызметінің органына мүмкіншілік беретін, Салық кодексінің 53-бабының 1-тармағы және Ереженің 13-тармағы Конституцияның 26-бабы 1, 2 және 3-тармақтарының, 39-бабы 3-тармағының е р е ж е л е р і н е қ а й ш ы к е л е д і .

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Республика Кодексінің (Салық кодексінің) 53-бабы 1-тармағының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 мамырдағы N 569 қаулысымен бекітілген, Салық төлеушінің билік етуі шектелген мүлкін салық берешегі есебіне сату жөнінде мамандандырылған аукцион өткізу ережесінің 13-тармағының конституциялылығын тексере отырып, **Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі** тиісті конституциялық нормаларды мынадай жүйелі талдауды негізге алды.

Республика Конституциясының 26-бабына сәйкес "Қазақстан Республикасының

азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады" (1-тармақ) және "меншік ... құқығына заңмен кепілдік беріледі" (2-тармақ). 26-баптың 2-тармағымен көзделген меншік құқығы ешбір жағдайда да шектелмеуге тиіс (Негізгі Заңның 39-бабының 3-тармағы). Бұл конституциялық ережелер мүлікке ие болудың құқықтық тұрғыда заңдылығын көздейді, меншік иесінің заңды құқықтарын кімнің де болсын заңсыз араласуынан қорғауға және меншікке қол сұғылмауын қамтамасыз етуге б а ғ ы т т а л ғ а н .

Конституцияның 26-бабының 3-тармағы, соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды деп белгілейді. Бұл ереже меншік құқығын қорғау кепілдігін көздейді, ол абсолютті болып табылмайды және меншікті иеліктен айыру кезінде міндетті түрде алдын-ала сот шешімі болуын көздемейді, өйткені Конституцияның 39-бабының 3-тармағына сәйкес мұндай құқықты заңмен шектеуге жол беріледі. Нақты мүліктік құқықты заңмен көзделген реттерде шектеу, азаматтық-құқықтық қатынастарда да, жария-құқық аясында да заңды болып табылады. Мұндай құқықтық позиция Конституциялық Кеңестің 2000 жылғы 16 маусымдағы N 6/2 және 2000 жылғы 20 желтоқсандағы N 21/2 қаулыларында білдірілген.

Конституцияның 6-бабының 2-тармағына сай "меншік міндет жүктейді, оны пайдалану сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге тиіс. Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен белгіленеді". Айқындаушы маңызға ие бұл конституциялық нормалар Негізгі Заңның "Жалпы ережелер" деп аталатын I бөлімінде орналасқанын атап өткен жөн, өйткені олар меншік қатынастарын құқықтық реттеудің негізгі принциптері мен бастауларын бекітеді (Конституциялық Кеңестің 2000 жылғы 7 маусымдағы N 4/2 қаулысы).

Конституция, заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндеті екенін көздейді (35-бап) ; әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға міндетті (34-баптың 1-тармағы). Бұл баяндалған конституциялық нормалар салық төлеушілердің барлығын Негізгі Заң нұсқамаларына қатаң түрде сәйкес іс-әрекет жасауға, яғни Республика заңдарымен белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеуге міндеттейді.

Салықтық құқық қатынастары жария-құқықтық сипатқа ие, ал салық заңнамасы салық және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдерді белгілеу, енгізу, есептеу тәртібі және төлеу жөніндегі билік қатынастарын, сондай-ақ, мемлекет пен салық төлеушінің арасындағы салық міндеттемелерін орындауға байланысты қатынастарды р е т т е й д і .

Салық кодексінде көзделген салық әкімгершілігі, салық төлеушілердің салық заңнамасын тиісті түрде орындауы жөніндегі шараларды назарда ұстайды, салықтардың және өзге де міндетті төлемдердің толық әрі уақытылы аударылуын

қамтамасыз етуге бағытталған механизмдерді белгілейді.

Салық кодексінің 53-бабының 1-тармағында бекітілген, салық төлеушінің - заңды тұлғаның және жеке кәсіпкердің банк шоттарында ақшасы, қолма-қол ақшасы және дебиторларының банк шоттарында ақшасы болмаған жағдайларда салық органдарының оның келісімінсіз салық берешегінің сомасы шегінде салық төлеушінің билік ету шектелген мүлкінен өндіріп алуды жүргізуге құқығы осындай шаралардың бірі болып табылады. Салық кодексінің бұл нормасы Конституцияның 35-бабын жүзеге асыруға қ а р а т ы л ғ а н .

Салықтар, алымдар және өзге де міндетті төлемдер, сондай-ақ салық әкімгершілігі мәселелерін реттейтін заңдарды Конституцияның 61-бабы 3-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Парламент шығарады. Заң шығарушы заңдарда конституциялық нормаларды мәжбүрлеп қамтамасыз етуге және орындатуға бағытталған нормаларды, және осыдан келіп туындайтын меншік иесінің құқықтарын шектеулерді белгілеуге х а қ ы л ы .

Салық төлеушінің мүлкін, Салық кодексінің 53-бабының 1-тармағымен және соған негізделген Ереженің 13-тармағымен бекітілген тәртіппен алып қою Конституцияның 26-бабы 3-тармағының ережелеріне қайшы болмайды. Бұл жағдайда салық төлеушінің мүлкі, Негізгі Заңның және Салық кодексінің талаптарына орай оның төлеуге міндетті болған салық берешегі есебіне айналдырылады.

Ереже негізінде өткізілетін, салық төлеушінің билік етуі шектелген мүлкін салық берешегі есебіне сату жөніндегі мамандандырылған аукцион, теріс пиғылды салық төлеушілерге қолданылатын, салық берешегін мәжбүрлеп өндірудің заңмен көзделген шарасы болып табылады. Ереже Салық кодексінің 53 және 54-баптарының тиісті ережелері негізінде Республика Үкіметінің қаулысымен бекітілген.

Мүдделі адамдардың салық қызметі органдары мен оның лауазымды адамдарының іс-әрекетіне барлық жағдайларда да соңынан сотқа шағымдана алатынын атап өткен жөн, сот олардың заңдылығын тексеріп, қорытынды шешім қабылдайды. Бұл ереже әркімнің, заңмен кепілдік берілген және қамтамасыз етілген, өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы туралы Республика Конституциясының 13-бабының 2-тармағынан туындайды.

Сатып алушының мүлікті, өзінің салық міндеттемелерін орындамаған салық төлеушінің атынан сатып алу-сату шартын салық органы жасаған мамандандырылған аукционда сатып алуына келер болсақ, мұндай сатып алуды заңды деп есептеген жөн, өйткені сатып алушының мүлікке деген меншік құқығы заңмен және соған сәйкес келетін нормативтік құқықтық актімен көзделген негізде және тәртіппен пайда болады.

Соған байланысты жаңа меншік иесінің құқықтық өкілеттігі заңды, ол Конституцияның 26-бабының 1-тармағына сәйкес келеді.

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 2-тармағын, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының

Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 17-бабы 4-тармағының 1) тармақшасын, 31-33 , 37-баптарын және 41-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа алып, **Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі**

**қаулы етеді:**

1. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексінің) 53-бабының 1-тармағы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 мамырдағы N 569 қаулысымен бекітілген, Салық төлеушінің билік етуі шектелген мүлкін салық берешегі есебіне сату жөнінде мамандандырылған аукцион өткізу ережесінің 13-тармағы Республика Конституциясына сәйкес деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының 3-тармағына сәйкес қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді және шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабының 4-тармағында көзделген ретті ескере отырып, түпкілікті болып табылады.

3. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы*  
*К о н с т и т у ц и я л ы қ            К е ñ е с і н і ñ*

*Төрағасы*